

Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 127 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 сәуірде № 10735 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-299/2020 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020 № ҚР ДСМ-299/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 76) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметті стандарттау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму бірінші вице-министрі

С.З. Қайырбековаға жүктелсін.

4. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Денсаулық сақтау субъектілерінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешендік бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 шілдедегі № 542 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6432 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2010

жылғы 2 қазандағы № 402-405 (26248); "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 5 қазандағы № 406-409 (26252); "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 6 қазандағы № 410-413 (26256); "Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 12 қазандағы № 418-421 (26264) газетінде жарияланған);

2) "Денсаулық сақтау субъектілерінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешендік бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 шілдедегі № 542 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 99 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8425 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2013 жылғы 23 қазандағы № 237 (28176) газетінде жарияланған).

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова
Денсаулық сақтау министрінің
әлеуметтік даму және
Қазақстан Республикасының
2015 жылғы 10 наурыздағы
№ 127 бұйрығымен
бекітілген

Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.04.2020 № ҚР ДСМ-27/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабы 1-тармағының 76) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 14-бабына (бұдан әрі-Заң) сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласында аккредиттеу тәртібін айқындайды.

2. Денсаулық сақтау саласында аккредиттеуге жататын денсаулық сақтау субъектілеріне байланысты аккредиттеудің мынадай түрлері бар:

1) денсаулық сақтау саласында белгіленген талаптарға және стандарттарға көрсетілетін медициналық қызметтердің сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілері;

2) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығына бағалауды және біліктілігінің сәйкестігін растауды, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарының ғылыми-педагог кадрларын бағалауды және білім алушылардың медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілері;

3) өздерінің қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешенді бағалау негізінде медициналық ұйымдар жатады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу – өтініш берушінің сәйкестікті бағалаудың белгілі бір саласындағы жұмысты орындауға құзыреттілігін аккредиттеуші органның ресми тану рәсімі;

2) аккредиттеу жөніндегі комиссия – медициналық ұйымдардың сыртқы кешенді бағалау нәтижелерін қарайтын және аккредиттеу стандарттарының талаптарына қызметінің сәйкестігіне оларды аккредиттеу жөнінде ұсынымдар беретін аккредиттеуші орган құратын комиссия;

3) аккредиттеу стандартының дәрежесі – пациенттердің қауіпсіздігіне әсер ету маңыздылығына байланысты стандарттың деңгейі;

4) аккредиттеу туралы куәлік – өтініш берушінің белгілі бір аккредиттеу саласында аккредиттелуін растайтын ресми құжат;

5) аккредиттеуден кейінгі мониторинг – аккредиттеу мәртебесін алған күннен бастап мақсаты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 2 қазандағы № 676 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8064 болып тіркелген) аккредиттеу стандарттарын орындауды қолдау болып табылатын келесі сыртқы кешенді бағалауға дейінгі аккредиттеу кезеңі;

6) бақылаушы – сыртқы кешенді бағалау жүргізу кезінде балл бойынша бағалау құқығынсыз үш немесе одан да көп бақылаудан кейін сыртқы кешенді бағалау бойынша сарапшы ретінде аккредиттеуші органның кейіннен тартуы үшін үміткер;

7) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

8) қосалқы мердігерлік ұйым – медициналық ұйым мердігерлік шартты орындауға тартатын заңды тұлға;

9) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

10) мүдделер даулары – сарапшының жеке мүддесінің медициналық ұйымның сыртқы кешенді бағалау нәтижелеріне әсер ететін жағдайы;

11) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі бірлескен комиссия (бұдан әрі – СБК) – клиникалық хаттамаларды, медициналық білім беру стандарттарын, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, денсаулық сақтау саласында көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бақылау жүйесінің стандарттарын жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау үшін құрылатын уәкілетті орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

12) өзін-өзі бағалау – медициналық ұйым өз бетінше немесе тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүргізетін, медициналық ұйым қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

13) сараптау тобы – аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне медициналық ұйымға сыртқы кешенді бағалау жүргізу үшін тартылатын адамдар тобы;

14) сыртқы кешенді бағалау – сараптау тобы медициналық ұйымға барып жүргізетін медициналық ұйым қызметінің аккредиттеу стандарттарына (бұдан әрі – Аккредиттеу стандарттары) сәйкестігін бағалау рәсімі;

15) сыртқы кешенді бағалау жөніндегі сарапшы – осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін, медициналық ұйымдардың аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешенді бағалау жүргізу үшін тартылатын сараптау тобының құрамындағы денсаулық сақтау ұйымының маманы;

16) СБК-ның Аккредиттеу және медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын басқару комитеті (бұдан әрі – Комитет) – олардың құзыретіне жатқызылатын нақты проблемалар мен мәселелер бойынша ұсыныстарды дайындау үшін құрылған СБК-ның тұрақты жұмыс істейтін бөлімшесі;

17) трейсер – пациентке медициналық көмек көрсетудің әртүрлі кезеңдерін (пациент маршрутын) нысаналы тұрғыда қадағалау немесе медициналық ұйымның әртүрлі бөлімшелерінен қызметкерлер тартылатын жүйенің өзара байланысқан процестерін бағалау;

18) фокустық бағалау – сыртқы кешенді бағалау нәтижелерінің нақтылығына күмәнданған жағдайларда бұрын жүргізілген сыртқы кешенді бағалау нәтижелерін растау немесе нақтылау мақсатында жүргізілетін, не аккредиттеуші органға белгілі болған пациенттің, персоналдың және келушілердің қауіпсіздігінің тәуекелі туындаған жағдай құжаттарды талдау және (немесе) медициналық ұйымға бару негізінде медициналық ұйымды бағалау.

2-тарау. Көрсетілетін медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу тәртібі

4. Көрсетілетін медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісін аккредиттеу тегін көрсетіледі.

5. Денсаулық сақтау субъектісі көрсетілетін медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану үшін медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыру құқығына куәлік алу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің (бұдан әрі – ведомство) кеңсесіне мынадай құжаттарды береді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілері үшін аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау нәтижесі;

3) аккредиттеу бойынша қызметке тартылған қызметкерлердің тізімі және 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес ұлттық және (немесе) халықаралық деңгейде медициналық ұйымдарды аккредиттеудегі кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) осы Қағидалардың 42-тармағының өлшемшаттарға сәйкес келетін, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жұмыс орны, аккредиттеу мәселелері бойынша оқыту және аккредиттеу саласындағы тәжірибесі жөнінде мәліметтер көрсетілген, олардың кемінде 40%-ның жоғары медициналық білімі, "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша кемінде 30%-ның жоғары және (немесе) арнайы орта білімі бар кемінде 100 сарапшыдан тұратын сыртқы кешенді бағалау жөніндегі сарапшылардың тізімі;

5) заңды тұлғаны және (немесе) филиалдарды (өкілдіктерді) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

6) ереженің және (немесе) жарғының көшірмелері;

7) аккредиттеуші орган ретінде аккредиттеу туралы халықаралық сертификаттың көшірмесі;

8) сыртқы кешенді бағалау бойынша сарапшылардың оқу бағдарламасының аккредиттеу туралы халықаралық сертификатының көшірмесі (бар болса).

6. Ведомство құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы құжаттар тіркелген күні тексеріледі.

Бұл ретте, денсаулық сақтау субъектісі құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда құжаттар қабылданбайды.

7. Құжаттар пакеті толық болған жағдайда ведомство Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 614 бұйрығымен бекітілген Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияны қалыптастыру қағидаларын және оның қызметі туралы ережелеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15671 болып тіркелген) Комитетке құжаттарды береді.

Ұсынылған құжаттарды Комитет қарайды және мақұлдау немесе аккредиттеу мәселелерін мақұлдаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін СБК-ның отырысына шығарады.

СБК отырысының нәтижелері бойынша хаттама толтырылады және уәкілетті органның сайтына орналастырылады.

8. СБК ұсынымдарының негізінде ведомство өтініш тіркелген күннен бастап он бес (15) жұмыс күнінен кешіктірмей ұйымға мынадай шешімдердің біреуін жібереді: аккредиттеу туралы куәлікті беру не куәлік беруден уәжді бас тарту туралы дәлелді жауап.

Ведомстваның шешімі бұйрық түрінде ресімделеді.

9. Аккредиттеу туралы куәлік өтініш тіркелген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде бес жыл мерзімге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

10. Денсаулық сақтау субъектісіне аккредиттеуден мынадай негіздер бойынша бас тартылады:

1) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолданылу мерзімі аяқталған құжаттарды ұсыну фактісі анықталған;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілері үшін аккредиттеу стандарттарына сәйкес келмеген;

3) ұйымға қатысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайларда бас тартылады.

11. Аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың шешімі (үкімі) заңды күшіне енген кезде жүзеге асырылады.

3-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығына бағалауды және біліктілігінің сәйкестігін растауды, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарының ғылыми-педагог кадрларын бағалауды және білім алушылардың медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу тәртібі

12. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалауды және біліктілігінің сәйкестігін растауды, Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарының ғылыми-педагогикалық кадрларын бағалауды және медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу мемлекеттік қызмет болып табылады және тегін көрсетіледі.

13. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығына бағалау жүргізуге және біліктілігінің сәйкестігін растауға, Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарының ғылыми-педагогикалық кадрларын бағалауға және медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауға үміткер денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – Бағалау жөніндегі ұйым) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы аккредиттеуден өту үшін не пошта арқылы ведомствоға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) бір жылдан кем мерзімге жасалған үй-жайға немесе ғимаратқа меншік құқығын куәландыратын құжаттың немесе жалға алу немесе мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартының көшірмесі;
- 3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалау жөніндегі ұйымның персоналы туралы мәліметтерді растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) бағалау жөніндегі ұйымның әдіснамасын құрайтын құжаттардың көшірмелері: стратегиялық даму жоспары, денсаулық сақтау саласы мамандарына, ғылыми-педагогикалық кадрларға және медициналық білім және ғылым ұйымдарының білім алушылары мен түлектеріне тәуелсіз бағалау жүргізуге арналған емтихан материалының тізбесі (тест тапсырмалары мен клиникалық сценарийлер банкі);

5) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша симуляциялық жабдықтардың, аппаратураның және медициналық құрал-саймандардың болуын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалауды және біліктілігінің сәйкестігін растауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісін аккредиттеу" мемлекеттік қызмет стандартында келтірілген.

14. Ведомство тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мәліметтер алады:

1) заңды тұлғаны және (немесе) филиалдарды (өкілдіктерді) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы);

2) бір жылдан астам мерзімге жасалған үй- жайға немесе ғимаратқа мемлекеттік мүлікті меншік, жалға алу немесе сенімгерлік басқару құқығын куәландыратын құжат .

15. Ведомство құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Ұйым жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы құжаттар тіркелген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде тексеріледі.

Бұл ретте, денсаулық сақтау субъектісі құжаттардың толық емес пакетін көрсетілген мерзімде ұсынған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындалады.

16. Құжаттар пакеті толық болған жағдайда ведомство Комитетке құжаттарды береді.

Комитет осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес аккредиттеудің белгіленген стандарттарына олардың қызметінің сәйкестігіне кешенді бағалау жүргізеді.

17. Бағалау жөніндегі ұйымды аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне кешенді бағалау мынадай кезеңдерден тұрады:

1) өздігінен өткізілетін бағалау парақтарын толтыру арқылы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау;

2) аккредиттеуші орган жүргізетін аккредиттеу рәсімдерінен өту үшін ұсынылатын құжаттарды сараптау;

3) бағалау жөніндегі ұйымға бара отырып, бағалау парақтарын толтыру арқылы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін сараптамалық бағалау;

4) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкестігінің баға (баллдық) шкаласы негізінде аккредиттеу стандарттарын бағалау жөніндегі ұйымның сәйкестігін бағалау.

18. Әрбір стандарт бойынша орташа баға есептеледі: стандарттағы өлшемшарттар санына бөлінген стандарт өлшемшарттары бойынша баллдар жиынтығы, яғни стандарт бойынша орташа баға $= \frac{k_1+k_2+k_3+k_4+k_5}{C}$, мұнда k_1, k_2, k_3, k_4, k_5 – стандарттар өлшемшарттары бойынша баллдар, C – стандарттағы өлшемшарттардың саны.

19. Деректер осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес Аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестік бағаларының (баллдарының) қорытынды кестесіне енгізіледі.

Әрбір стандарт бойынша сәйкестікті бағалау объективтілігі және баллдарды есептеудің дұрыстығы Комитет мүшелерінің қолтаңбасымен куәландырылады.

20. Бағалау жөніндегі ұйымның кешенді бағалау нәтижелерін аккредиттеу мәселелерін мақұлдау немесе мақұлдаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін СБК-ның отырысына шығарады.

СБК отырысының нәтижелері бойынша хаттама толтырылады және уәкілетті органның сайтына орналастырылады.

21. СБК ұсынымдарының негізінде ведомство өтініш тіркелген күннен бастап он үш (13) жұмыс күнінен кешіктірмей ұйымға мынадай шешімдердің бірін жібереді: аккредиттеу туралы куәлікті беру не куәлік беруден уәжді бас тарту. Ведомствоның шешімі бұйрық түрінде ресімделеді.

22. Аккредиттеу туралы куәлік осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бес жыл мерзімге беріледі.

23. Ұйымды аккредиттеуден мынадай негіздер болған жағдайларда бас тартылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалауды және біліктілігінің сәйкестігін растауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу стандарттарына сәйкес келмеген;

3) ұйымға қатысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайларда бас тартылады.

Дәлелді бас тартуға ведомство басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады және ұйымға электрондық құжат түрінде жіберіледі.

24. Қызмет беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

25. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің, денсаулық сақтау саласында уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

Шағымдарды қарау мерзімдері тіркелген күннен бастап:

1) қызметті берушімен – 5 (бес) жұмыс күн;

2) денсаулық сақтау саласында уәкілетті органмен және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен – 15 (он бес) жұмыс күн.

26. Аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың шешімі (үкімі) заңды күшіне енген кезде жүзеге асырылады.

4-тарау. Аккредиттеу стандарттарына қызметтің сәйкестігін сыртқы кешенді бағалау негізінде медициналық ұйымдарды аккредиттеу тәртібі

27. Медициналық ұйымдарды аккредиттеу олардың қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында мемлекеттік қызмет болып табылады.

28. Медициналық ұйымдарды аккредиттеу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) өзін-өзі бағалау;

2) сыртқы кешенді бағалау;

3) аккредиттеуден кейінгі мониторинг.

29. Өтініш беру алдында медициналық ұйым өздігінен немесе медициналық ұйымдардың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 2 қазандағы № 676 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8064 болып тіркелген) аккредиттеу стандарттарын (бұдан әрі – аккредиттеу стандарты) енгізу бойынша тәжірибесі мен дағдылары бар консультанттарды (аккредиттеуге дайындау үшін жеке немесе заңды тұлғалар) тарта отырып, "Медициналық қызметтер сапасын басқару жүйесі" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – МҚСБЖ АЖ) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалауды жүргізеді.

30. Өзін-өзі бағалау нәтижелерін МҚСБЖ АЖ-ға енгізу үшін медициналық ұйым аккредиттеуші органнан логин мен пароль алады.

31. Өзін-өзі бағалау нәтижелерін МҚСБЖ АЖ енгізгеннен кейін медициналық ұйым сыртқы кешенді бағалаудан өту үшін аккредиттеуші органға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы кешенді бағалаудан өтуге электрондық форматта www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

32. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында оларды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет стандартында келтірілген.

33. Аккредиттеуші орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы:

1) заңды тұлғаны және (немесе) филиалдарды (өкілдіктерді) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу);

2) бір жылдан астам мерзімге жасалған үй- жайға немесе ғимаратқа мемлекеттік мүлікті меншік, жалға алу немесе сенімгерлік басқару құқығын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді алады.

34. Аккредиттеуші орган, ведомство немесе ведомствоның аумақтық департаменттері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Ұйым жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы құжаттар тіркелген күннен бастап екі жұмыс күн аралығында тексеріледі.

Бұл ретте, денсаулық сақтау субъектісі құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда құжаттар қабылданбайды.

35. Өтініш тіркелгеннен кейін аккредиттеуші орган, ведомство немесе ведомствоның аумақтық департаменттері сыртқы кешенді бағалауға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өткізілетін күнін көрсете отырып пошта арқылы хабарлама жібереді.

36. Сыртқы кешенді бағалаудан өтуге өтінішті кемінде он екі ай қызмет көрсеткен медициналық ұйым береді.

37. Стационарлық көмек көрсететін және құрылымында емханалық бөлімше және (немесе) жедел (авиация) қызмет бөлімшесі бар медициналық ұйымдар, амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін, құрылымында күндізгі стационар

бөлімшесі бар медициналық ұйымдар үшін, сондай-ақ диагностикалық орталықтар үшін сыртқы кешенді бағалау аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне жүзеге асырылады.

38. Мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін сыртқы кешенді бағалау аккредиттеу стандарттарының арнайы бөлімін қолдана отырып, негізгі қызмет бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне жүзеге асырылады.

39. Сыртқы кешенді бағалау медициналық ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерін, филиалдары мен өкілдіктерін қамтиды.

40. Сыртқы кешенді бағалау жүргізу үшін аккредиттеуші орган, ведомство немесе ведомствоның аумақтық департаменттері аккредиттеуші органның өкілдері мен сарапшылары арасынан сараптау тобын құрады. Сараптау тобының жетекшісін аккредиттеуші орган айқындайды.

Сыртқы кешенді бағалау үшін тартылатын сараптау тобы мүшелерінің саны медициналық ұйымның көрсететін қызметтерінің көлеміне, ұйымдық құрылымына байланысты болады және 2-5 адамды құрайды.

41. Республикалық және облыстық деңгейдегі медициналық ұйымдарда сыртқы кешенді бағалау жүргізу үшін тиісті деңгейден төмен емес медициналық ұйымдарда қызметті жүзеге асыратын сарапшылар тартылады.

42. Сыртқы кешенді бағалауды аккредиттеуші орган мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін сарапшыларды тарта отырып жүргізеді:

1) дәрігер-сарапшы үшін клиникалық мамандық бойынша және (немесе) "Денсаулық сақтауды ұйымдастыру" ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті") мамандығы бойынша бірінші немесе жоғары біліктілік санаты бар жоғары медициналық білімнің болуы және (немесе) "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент" немесе "Медицина" мамандығы бойынша магистратураның болуы; мейіргер-сарапшы үшін орта немесе жоғары медициналық білім; сарапшы-әкімші үшін жоғары кәсіптік білім;

2) денсаулық сақтауда аккредиттеу, стандарттау және сапа менеджменті саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі немесе денсаулық сақтау ұйымдарында кемінде жеті жыл жалпы жұмыс өтілі;

3) соңғы үш жыл ішінде аккредиттеуші орган жүргізген тестілеу негізіндегі сыртқы кешенді бағалау бойынша кейіннен сарапшы ретінде сертификат берілген, соңғы үш жыл ішінде денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу мәселелері бойынша кемінде 54 сағат оқыту сертификатымен расталған трейсер жүргізуді қоса алғанда, аккредиттеу стандарттары талаптарын, сыртқы кешенді бағалау жүргізу әдістемесін білуі;

4) кемінде үш рет сыртқы кешенді бағалау жүргізуге қатысу тәжірибесі немесе бағалаушы ретінде үш және одан да көп сыртқы кешенді бағалауға қатысу тәжірибесі;

5) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сарапшының өтінішімен расталған мүдделер дауларының болмауы.

43. Егер:

1) сарапшы соңғы бес жыл бойы бағаланатын медициналық ұйыммен еңбек немесе шарттық қатынастарда тұрса немесе болса;

2) бағаланатын медициналық ұйымның қызметкерлерімен және (немесе) басшылығымен туыстық қатынасы болса;

3) сарапшының соңғы бес жыл ішінде мүдделер дауларының бар екенін қасақана жасыру фактісі анықталса;

4) кәсіби қызметін бағаланатын медициналық ұйым орналасқан аймақта жүзеге асыратын болса, сарапшылар нақты бір медициналық ұйымды сыртқы кешенді бағалауға тартылмайды.

44. Медициналық ұйымның аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін сыртқы кешенді бағалау аккредиттеуші орган жасайтын кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Сыртқы кешенді бағалау жүргізу мерзімі бекітілген халықтың санына, медициналық ұйымның төсектік қоры мен құрылымдық бөлімшелерінің (негізгі объектіден тыс орналасқан филиалдарының, өкілдіктерінің) санына байланысты кемінде екі жұмыс күнін құрайды.

45. Аккредиттеуші орган сыртқы кешенді бағалау нәтижелерін МҚСБЖ АЖ-ға енгізу үшін сараптау тобының мүшелеріне логиндар мен парольдар береді. Логин мен пароль туралы ақпарат құпия болып табылады, жария етуге және үшінші тұлғаларға беруге жатпайды. Құпия ақпаратты беру фактілері анықталған жағдайда сарапшы одан әрі аккредиттеу рәсімдерінен дереу шеттетіледі, ал ол МҚСБЖ АЖ-ға енгізген нәтижелер жойылады.

Шеттетілген сарапшының функцияларын сараптау тобының жетекшісі орындайды, бұл ретте сыртқы кешенді бағалау жүргізу мерзімі объективті деректер алу үшін қажетті кезеңге ұзартылады.

46. Медициналық ұйымға шығу алдында сараптау тобының жетекшісі мен мүшелері осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық ұйымды сыртқы кешенді бағалау бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) жасайды. Бағдарлама сыртқы кешенді бағалау уақытын тиімді және ұтымды бөлу үшін жасалады және медициналық ұйымның аумағында болған уақыттағы сараптау тобының іс-қимылының бағыттарын айқындайды.

47. Сараптау тобы сыртқы кешенді бағалау жүргізу кезінде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір бөлім бойынша аккредиттеу

стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізу үшін бағалау парақтарын жеке толтырады.

48. Аккредиттеу стандарттарының орындалуын сараптау тобы:

- 1) құжаттарға шолу жасау;
- 2) персоналға сауалнама жүргізу;
- 3) трейсерлер;
- 4) бақылау негізінде бағалайды.

49. Құжаттарды шолу сараптау тобы үшін арнайы бөлінген кабинетте, құжаттарға сұрақтарды немесе пікірлерді нақтылау мақсатында медициналық ұйымның бір немесе бірнеше қызметкерлерінің қатысуымен жүргізіледі.

Құжаттарды шолуға жұмсалатын уақыт сыртқы кешенді бағалау жүргізуге бөлінген уақыттың төрттен бір бөлігінен аспайды. Ұсынылған құжаттарды зерделеу негізінде сараптау тобы қорытынды бағалауға жету үшін персоналға сауалнама жүргізу және (немесе) қадағалау кезінде нақтылау қажет жеткіліксіз ақпаратты айқындайды.

50. Персоналға сауалнама жүргізу оның ішінде медициналық ұйым басшылығына сауалнама жүргізуді қамтиды. Сарапшылар медициналық ұйымның бірінші басшысына және (немесе) оның орынбасарларына сауалнама жүргізеді. Медициналық ұйымның басшылығына сауалнама жүргізу медициналық ұйымның жалпы қызметіне қатысты, сондай-ақ қажет болғанда аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкес сұрақтарды қамтиды. Сараптау тобының мүшелері құжаттарды шолу барысында алынған ақпаратты растау немесе нақтылау үшін медициналық ұйым қызметінің бейініне сәйкес персоналға сауалнама жүргізеді.

51. Трейсердің үш түрі қолданылады:

- 1) жеке;
- 2) жүйелі;
- 3) бейінді.

Бір трейсер 1 сағаттан 3 сағатқа дейін созылады.

Жеке трейсер барысында медициналық құжаттаманы шолу және медициналық ұйымның пациентті күтуге тартылған қызметкерлеріне сауалнама жүргізу арқылы нақты бір пациентті емдеу мен күтудің барлық кезеңдері қадағаланады. Сарапшы пациентті бағалау үшін нысаналы іріктеу әдісімен (анағұрлым күрделі немесе типті емес жағдай) таңдайды және оның медициналық картасы медициналық ұйымда көрсетілетін қызметтерді бақылау үшін негіз болып табылады. Пациентке медициналық көмек көрсетілген кезде ол қатысқан барлық емдеу, диагностикалық және медициналық емес процестер бағаланады,

яғни бағалау пациенттің "бағдары" бойынша жүргізіледі. Сыртқы кешенді бағалау жүргізу кезінде сараптау тобы пациентке кемінде үш жеке трейсер жүргізеді.

Жүйелі трейсер кезінде инфекциялық бақылау, дәрілік құралдармен жұмыс істеу, ғимараттың қауіпсіздігі, сапаны басқару жүйелерінің барлық кезеңдері тексеріледі. Жүйелі трейсер әдісімен ақпарат жинау және ұйымды бағалау персоналға сауалнама жүргізуді, жеке бақылауды, құжаттарды және (немесе) пациенттердің медициналық карталарын шолуды қамтиды. Бұл ретте бір жүйенің әртүрлі кезеңдері тексеріледі.

Бейінді трейсер барысында медициналық ұйымның осы түрі үшін ерекше жұмыс саласы бағаланады. Трейсердің осы түрін сарапшылар бағаланатын медициналық ұйымның бірегей сипаттамаларын және өзекті мәселелерін талдау үшін пайдаланады. Бейінді трейсердің мақсаты көрсетілетін медициналық көмектің әртүрлі кезеңдерінде пациенттің қауіпсіздік проблемаларын анықтау болып табылады.

52. Бақылау аккредиттеу стандарттарының орындалуын бағалау әдістерінің бірі болып табылады, құжаттарды шолу және (немесе) персоналға сауалнама жүргізу кезінде сарапшылар алған ақпаратты растау мақсатында жүргізіледі. Бақылау персоналға сауалнама жүргізумен қатар жүргізіледі.

53. Персоналға сауалнама жүргізуге, трейсер және бақылау жүргізуге жұмсалатын уақыт сыртқы кешенді бағалау ұзақтығының төрттен үш бөлігін құрайды.

54. Аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті бағалау балл жүйесі негізінде жүргізіледі:

5 балл – стандарт талаптарына толық сәйкестік (жағдайлардың немесе бақылаулардың 90%-100%-да орындалуы);

3 балл – стандарт талаптарына ішінара сәйкестік (жағдайлардың немесе бақылаулардың 50%-89%-да орындалуы);

0 балл – стандарт талаптарына сәйкессіздік (жағдайлардың немесе бақылаулардың 0%-49%-да орындалуы).

Стандарттың жекелеген өлшемшарты қолданылмайтын жағдайда тиісті бағанда "қолданылмайды" деген белгі қойылады. Стандарт бойынша орташа бағаны есептеу кезінде осы өлшемшарт ескерілмейді.

55. Сараптау тобы сыртқы кешенді бағалау нәтижелерін МҚСБЖ АЖ-ға енгізеді. Құпия ақпаратты (сыртқы кешенді бағалау барысында алынған денсаулық сақтау ұйымының қызметі туралы, пациенттер мен персонал туралы мәліметтер, оның ішінде беру) жария етуге жол берілмейді.

56. Сыртқы кешенді бағалау нәтижелері МҚСБЖ АЖ-ға енгізілгеннен кейін стандарттардың бөлімдері (блоктары) бойынша толтырылған бағалау парақтарын сараптау тобының мүшелері топ жетекшісіне береді.

57. Стандарттың әрбір өлшемшарты бойынша баллдардың нақты жиынтығы МҚСБЖ АЖ-да аккредиттеу стандарттары рангілері кестесіне сәйкес есептеледі:

1-рангі - "1,0" салмақ коэффициентімен;

2-рангі - "0,9" салмақ коэффициентімен;

3-рангі - "0,8" салмақ коэффициентімен.

58. Медициналық ұйым көрсетілетін қызметтерінің бір бөлігін шарт бойынша қосалқы мердігер ұйымға орындауға берген жағдайларда сараптау тобы аккредиттеуші орган мен медициналық ұйым арасындағы шарт шеңберінде оның қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізу үшін қосалқы мердігер ұйымға бару құқығын өзіне қалдырады.

59. Сыртқы кешенді бағалау аяқталғаннан кейін медициналық ұйым персоналының қатысуымен қорытынды жиналыс өткізіледі, онда сараптау тобы сыртқы кешенді бағалау нәтижелері туралы алдын ала есепті ұсынады.

60. Сараптау тобының жетекшісі сыртқы кешенді бағалау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы кешенді бағалау нәтижелері туралы есепті медициналық ұйымға жібереді.

61. Сараптау тобы сыртқы кешенді бағалау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде нәтижелерді аккредиттеу жөніндегі комиссияның қарауына шығарады.

Нәтижелерді қарау үшін аккредиттеуші орган жанынан құрамы кемінде бес адамнан тұратын тұрақты жұмыс істейтін аккредиттеу жөніндегі комиссия құрылады. Комиссия отырысы аккредиттеу жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3-сі болған жағдайда өткізіледі.

62. Аккредиттеу жөніндегі комиссия сыртқы кешенді бағалау қорытындысы бойынша шешім қабылдау кезінде аккредиттеуші органға мынадай:

1) екі немесе одан артық аккредиттеу стандарттары бойынша бағалаудың орташа мәні 2,0 балдан төмен немесе тең;

2) аккредиттеу стандарттары тарауларының бірінің орташа мәні 3,0 балдан төмен;

3) "Пациенттерді емдеу және күту" деген 4-тараудың бір немесе одан артық аккредиттеу стандарттарын бағалаудың орташа мәні 2,0 балға тең немесе одан төмен бағалау нәтижелерін ескеруді ұсынады.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және оны комиссияның мүшесі болып табылмайтын хатшы жүргізеді.

Аккредиттеу жөніндегі комиссия отырыстарының қорытындылары бойынша аккредиттеуші орган мынадай шешім қабылдайды:

1) аккредиттеудің екінші санаты 1-рангтегі стандарттарға кемінде 60 %, 2-рангтегі стандарттарға кемінде 55 %, 3-рангтегі стандарттарға кемінде 50 % сәйкес келген жағдайда беріледі;

2) аккредиттеудің бірінші санаты 1-рангтегі стандарттарға кемінде 70 %, 2-рангтегі стандарттарға кемінде 65 %, 3-рангтегі стандарттарға кемінде 60 % сәйкес келген жағдайда беріледі;

3) аккредиттеудің жоғары санаты 1-рангтегі стандарттарға кемінде 90 %, 2-рангтегі стандарттарға кемінде 80 %, 3-рангтегі стандарттарға кемінде 70 % сәйкес келген жағдайда беріледі.

63. Медициналық ұйымның өтініші тіркелген күннен бастап аккредиттеуші орган, ведомство немесе ведомствоның аумақтық департаменттері тиісті шешім шығарғанға дейін аккредиттеу жүргізу мерзімі жиырма жеті (27) жұмыс күнінен аспайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі аккредиттеу туралы куәлік үш жыл мерзімге осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

64. Сыртқы кешенді бағалау нәтижесінің және аккредиттеуші органның шешімінің негізінде медициналық ұйым осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Түзету іс-шараларының жоспарын жасайды.

Медициналық ұйымның басшысы бекіткен аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкессіздікті жою үшін Түзету іс-шаралары жоспары сыртқы кешенді бағалау нәтижелері туралы есеп алынғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аккредиттеуші органға жіберіледі.

65. Аккредиттелген медициналық ұйымның атауы немесе ұйымдастыру-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда аккредиттеуші орган, ведомство немесе ведомствоның аумақтық департаменттері өтініш және атауының немесе ұйымдастыру-құқықтық нысанының өзгергенін растайтын құжат берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдейді.

66. Аккредиттеуден мынадай негіздер болған жағдайларда бас тартылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті медициналық ұйымның және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 2 қазандағы

№ 676 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8064 болып тіркелген) белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі);

3) Денсаулық сақтау субъектісіне қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде ұйым мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылғаны.

Дәлелді бас тартуға аккредиттеу орган не ведомство, не оның аумақтық департаменті басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады және электрондық құжат түрінде медициналық ұйымға жіберіледі.

67. Аккредиттеу орган не ведомство, не оның аумақтық департаменті мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

68. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің, денсаулық сақтау саласында уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

Шағымдарды қарау мерзімдері тіркелген күннен бастап:

1) қызметті берушімен – 5 (бес) жұмыс күн;

2) денсаулық сақтау саласында уәкілетті органмен және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен- 15 (он бес) жұмыс күн.

69. Аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың шешімі (үкімі) заңды күшіне енген кезде жүзеге асырылады.

5-тарау. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу тәртібі

70. Медициналық ұйымдарға аккредиттеу стандарттарына сәйкестікке аккредиттеу жүргізу кезінде фокустық бағалау жүргізіледі.

71. Медициналық ұйымды фокустық бағалауға мынадай шарттардың бірі негіз болып табылады:

1) сыртқы кешенді бағалау нәтижелерінің объективтілігіне күмән келтіру;

2) аккредиттеуші органға белгілі болған пациентке немесе персоналға қауіп төндіретін жағдай;

3) Түзету іс-шаралары жоспарының тиісінше орындалмауы немесе аккредиттеуден кейінгі мониторингілеу барысында сыртқы кешенді бағалау кезінде ұсынылған жалған фактілерді анықтау.

72. Фокустық бағалау жүргізу туралы шешімді аккредиттеу жөніндегі комиссия қабылдайды.

Медициналық ұйымға фокустық бағалау жүргізу үшін сараптау тобының құрамына соңғы сыртқы кешенді бағалау жүргізген сарапшылар енгізілмейді. Сараптау тобының құрамы және фокустық бағалау жүргізу мерзімдері аккредиттеуші органның бұйрығымен айқындалады.

73. Аккредиттеу жөніндегі комиссияның шешімі бойынша фокустық бағалау жүргізу үшін сыртқы кешенді бағалау жөніндегі сарапшыларды тарта отырып, бағаланатын немесе аккредиттелген медициналық ұйымға бару жүзеге асырылады.

74. Фокустық бағалау нәтижесі сараптау тобының жұмысы аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде аккредиттеу, берілген аккредиттеу санатын өзгерту, немесе аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтару туралы мәселені шешу үшін аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырысында қаралады.

75. Аккредиттелген медициналық ұйымның аккредиттеуден кейінгі мониторингі аккредиттеу процесінің бір бөлігі болып табылады және мынадай үлгіде:

1) Түзету іс-шаралары жоспарының орындалу мерзімдері аяқталғаннан кейін медициналық ұйым осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Түзету іс-шаралары жоспарының орындалуы туралы есепті аккредиттеуші органға жібереді;

2) аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуының барлық мерзімі ішінде аккредиттеуші орган Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10880 болып тіркелген) бекітілген Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына сәйкес тоқсан сайын медициналық көрсетілетін қызметтер сапасының сыртқы индикаторларына мониторинг жүргізеді;

3) фокустық бағалау жүргізу үшін негіз бар болса жүзеге асырылады.

76. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг кезеңінде осы Қағидалардың 71-тармағында көрсетілген шарттар анықталған жағдайда аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырысына аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу мәселесі шығарылады.

77. Аккредиттеу туралы куәлік кері қайтарып алынған жағдайда аккредиттеуші орган медициналық ұйымға еркін нысанда жазбаша хабарлайды және аккредиттелген медициналық ұйымдардың деректер базасына тиісті өзгерістерді енгізеді.

Өтініш

(заңды тұлғаның толық атауы)

медициналық ұйымдарды сыртқы кешенді бағалауды, аккредиттеуден кейінгі мониторингті, медициналық ұйымдар үшін аккредиттеу стандарттарының жобасын әзірлеуді және қайта қарауды, Қазақстан Республикасының аумағында сыртқы кешенді бағалау жүргізу үшін сарапшыларды оқытуды және іріктеуді жүзеге асыру үшін аккредиттеуші орган ретінде аккредиттеуді сұраймын.

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны: _____

2. Құрылған жылы: _____

3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (анықтама): _____

(№, кім және қашан берді)

4. Мекен жайы: _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

5. Есеп айырысу шоты: _____

(шот №, банктің атауы және орналасқан жері)

6. Қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі: _____

Ұйымның басшысы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Байланыс деректері: _____

(электронды мекенжайы, жұмыс және ұялы телефондары)

Күні 20__ ж. "____" _____

